

**"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 маусымдағы № 171 өкімі

“Мерейлі отбасы” ұлттық конкурсы туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 78, 1016-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген “Мерейлі отбасы” ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“3. Конкурстың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі - Ұлттық комиссия), сондай-ақ Астана, Алматы қалалары және облыстар әкімдерінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялардың (бұдан әрі - өңірлік комиссиялар) қолдауымен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады .”

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. НАЗАРБАЕВ*